

"Партиялық тізім бойынша сайланатын Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттардың, Солтүстік Қазақстан облыстық және Ақжар аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттардың сайлаушыларымен кездесулер өтетін шарттық негізде берілетін үй-жайлар анықтау туралы" бірлескен Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 12 шілдедегі № 241 қаулысы және Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2007 жылғы 12 шілдедегі № 37-2 шешімі күші жойылды деп тану туралы

Бірлескен Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 11 қазандағы № 183 қаулысы және Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 11 қазандағы № 24-1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Әділет департаментінде 2024 жылғы 15 қазанда № 7808-15 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. "Партиялық тізім бойынша сайланатын Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттардың, Солтүстік Қазақстан облыстық және Ақжар аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттардың сайлаушыларымен кездесулер өтетін шарттық негізде берілетін үй-жайлар анықтау туралы" бірлескен Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 12 шілдедегі № 241 қаулысы және Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2007 жылғы 12 шілдедегі № 37-2 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-4-46 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы бірлескен Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің қаулысы және Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының әкімі

Р. Елубаев

*Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының
төрағасы*

М. Жусупбеков